

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 20 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 65 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 сәуірде № 13565 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 23 қарашадағы № 151 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 86 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 23.11.2022 № 151 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.11.2022 № 86 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.11.2018 № 314 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2018 № 53 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 3-тармағы, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.11.2018 № 314 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2018 № 53 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін қағаз және электронды түрде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми түрде жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді эталонды бақылау банкісіне енгізу үшін тіркелген бірлескен бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы интернет-ресурсына орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі*

А. Мұхамедиұлы

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитетінің
төрағасы _____ С. Айтпаева
2016 жылғы 24 ақпан

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы № 20
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 ақпандағы

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.11.2018 № 314 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2018 № 53 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) іріктеу үшін әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) тәуекел – бақылау субъекті қызметінің нәтижесінде тіл туралы заңнамалар және Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама талаптарына, мемлекеттің тіл саясатына қатысты мүдделеріне, жеке және заңды тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу бойынша зиян келтіру ықтималдылығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тексеру субъектілері – мемлекеттік органдар;

5) өрескел бұзушылықтар – заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер бөлігіндегі талаптардың бұзылуы, статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілмеуі, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ісқағаздарын жүргізуде

жауаптардың мемлекеттік тілде немесе өтініш жазылған тілде қолданылмауы, ісқағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолданбауы, мемлекеттік органдардың актілерді мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдауы барысында талаптардың сақталмауы, конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімдеу барысында талаптардың сақталмауы;

6) елеулі бұзушылықтар – заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер бөлігіндегі талаптарының бұзылуы, мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үлесін қамтамасыз ету бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілмеуі (жыл сайын кемінде 10 %), жазбаша нысанда мәмілелер жасау барысында мемлекеттік және орыс тілдерінің қолданылмауы, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді мемлекеттік және орыс тілдерінде материалдармен толықтыру бойынша талаптардың сақталмауы;

7) болмашы бұзушылықтар – "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қойылатын талаптар бөлігіндегі талаптарының бұзылуы, мемлекеттік органдардағы мөрлер мен мөртабандар мәтіндерінде мемлекеттік тілге қойылатын талаптардың сақталмауы;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

7. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау және қадағалау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

2. Объективті өлшемшарттар

8. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы барлық бақылау субъектілері жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері мемлекеттік органдардың қызметінде тілдерді қолданумен, сондай-ақ мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының Конституциясы және өзге де заңдарымен жүктелген басқа да функциялардың орындалуымен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу жөніндегі мемлекеттің мүдделерімен тікелей байланысты.

3. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттар келесі кезеңдерді қолдана отырып анықталады:

- 1) ақпараттар жинау;
- 2) ақпараттарды талдау және бағалау дәрежесі.

10. Ақпараттарды жинау тілдерді қолдану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзған бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға келесі ақпараттар көзі қолданылады:

- 1) бұрынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;
- 2) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;
- 3) мемлекеттік органдардың арнайы интернет-ресурстарын талдау;
- 4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

11. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекел дәрежесінің өрескел, елеулі немесе болмашы тобына жатқызу осы Өлшемшарттардың қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері 3 ауырлық бұзушылық дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеуде орындалмаған талаптардың үлес салмағы анықталады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

13. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі мыналарға:

1) тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ді қоса алғанда дейінгі көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілгенде жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі қоса алғанда көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмегенде жоғары дәрежеге жатқызылмаған тәуекел дәрежесіне жатады.

Қазақстан Республикасының тіл
туралы заңнамасын қолдану
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

р/с	Субъективті өлшемшарттар	Бұзушылықтар дәрежесі
-----	--------------------------	-----------------------

1. Бұрынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері		
1	Статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілуі	өрескел
2	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ісқағаздарын жүргізуде жауаптардың мемлекеттік тілде немесе өтініш жазылған тілде қолданылуы	өрескел
3	Ісқағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолдануы	өрескел
4	Мемлекеттік органдардың актілерді мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдауы барысында талаптардың сақталуы	өрескел
5	Конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімдеу барысында талаптардың сақталуы	өрескел
6	Мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үлесін қамтамасыз ету бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілуі (жыл сайын кемінде 10 %)	елеулі
7	Жазбаша нысанда мәмілелер жасау барысында мемлекеттік және орыс тілдерінің қолданылуы	елеулі
8	Мемлекеттік органдардағы мөрлер мен мөртабандар мәтіндерінде мемлекеттік тілге қойылатын талаптардың сақталуы	болмашы
2. Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1	Мемлекеттік органдардағы шығыс құжаттарын рәсімдеуде мемлекеттік тілді қолдануы	өрескел
3. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің арнайы интернет-ресурстарын талдау		
1	Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді мемлекеттік және орыс тілдерінде материалдармен	елеулі

	толықтыру бойынша талаптардың сақталуы	
4. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
1	Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы бақылау субъектілерінде расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы № 20
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 ақпандағы
№ 65 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.11.2018 № 314 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2018 № 53 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

мемлекеттік органдарға қатысты

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

—

—

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

—

—

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

—

—

—

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

—

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	талап етіледі	талап етілмейді	талаптарға сәйкес келеді		талаптарға сәйкес келмейді
1	Статистикалық есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілуі					
2	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ісқағаздарын жүргізуде жауаптардың мемлекеттік тілде немесе өтініш жазылған тілде қолданылуы					
3	Ісқағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолдануы					
4	Мемлекеттік органдардың актілерді мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдауы барысында талаптардың сақталуы					
	Конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы					

5	<p>мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімдеу барысында талаптардың сақталуы</p>					
6	<p>Мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үлесін қамтамасыз ету бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілуі (жыл сайын кемінде 10 %)</p>					
7	<p>Жазбаша нысанда мәмілелер жасау барысында мемлекеттік және орыс тілдерінің қолданылуы</p>					
8	<p>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді мемлекеттік және орыс тілдерінде материалдармен толықтыру бойынша талаптардың сақталуы</p>					
9	<p>Мемлекеттік органдардағы мөрлер мен мөртабандар мәтіндерінде мемлекеттік тілге қойылатын талаптардың сақталуы</p>					

Лауазымды адам (адамдар) _____
лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 20 және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 ақпандағы
№ 65 бірлескен бұйрықтарына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізімі

1) "Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 37 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6826 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 06 сәуірдегі № 130-133 (26535) газетінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 38 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6827 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 117 (26538) газетінде жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын қолдану саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 37 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 12 қазандағы № 234 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8898 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 272 (28211) газетінде жарияланған).